


Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос! Абай

Отарқа



№19 (1843)
2026 жылғы 14 мамыр

ЕКІБАСТҰЗ ҚАЛАЛЫҚ ГАЗЕТІ. ГАЗЕТ 1992 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БӘЙГЕ

БЕС АВТОКӨЛІК ТІГІЛЕДІ

Алдымыздағы сенбі – 16 мамыр күні қалалық ипподромда ЕКІБАСТУЗ СІР атауымен дүбірлі дода – ат бәйгесі өтеді.

Еліміздің түкпір-түкпірінен және таяу шетелдерден үздік шабандоздар бақ сынайтын додада 5 автокөлік пен ақшалай сыйлық бәйгеге тігіліп отыр.

Сонымен қатар, қала тұрғындары мен қонақтар мәдени бағдарлама мен көкпар ойынын да тамашалай алады. Шара демеушілері – «Railways Systems kz» және «Гидропром» кәсіпорындары.

ЕКІБАСТУЗ СІР – жай ғана бәйге емес, дәстүр жалғасы, нағыз эмоциялар мен бәсекелестік. Олай болса, сенбіде сағат 11.00-де басталатын шараны бірге тамашалайық. 16 мамыр күні сағат 9.00-де "Өнер" ҚМС-ынан ипподромға тегін автобустар жүреді.

Ж.ЖАПАРОВА

САЙЛАУ – 2026



АМАНАТ

Екібастұз қаласы Солнечный кенті әкімінің сайлауына кандидат АСФАНДИЯР ҚАНАТҰЛЫ ТҮРЛЫБЕКОВТИҢ 2026–2030 жылдарға арналған САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті жерлестер!

Мен, Асфандияр Қанатұлы Тұрлыбеков, Екібастұз қаласында дүниеге келдім.

Менің кәсіби жолым — білім, тәжірибе және адамдармен жұмыс істеудің үйлесімі.

Төрт жоғары білімім бар. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік басқару магистрі» мамандығы бойынша білім аламын.



Еңбек жолымды 2013 жылы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің «Авиациялық оқу орталығы» ЖШС-де IT-менеджер болып бастадым. 2014–2021 жылдары Павлодар облысы Полиция департаментінде қызмет атқардым. 2022–2025 жылдары Екібастұз қаласындағы «Диас-Дар» ЖШС директоры болдым. Қазіргі таңда Екібастұз қаласы әкімінің аппаратында мобилизациялық жұмыс, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі бас инспектор қызметін атқарамын.

Әкім сайлауына қатысу туралы шешімім — саналы таңдау. Тұрғындардың қандай мәселелерге тап болатынын жақсы түсінемін және оларды шешудің нақты жолдарын көремін.

Алдағы жылдары Солнечный кентін өзгерістер күтіп тұр. Бұл өзгерістердің халықтың игілігі үшін қызмет етуі маңызды.

Менің алдымда тұрған міндеттер айқын, нәтижеге жауапкершілік алуға дайынмын. Бірақ ең бастысы — мұны тек сіздермен бірге жүзеге асыра аламыз.

Сіздердің қолдауларыңызбен кентімізді жайлы, заманауи және өмір сүруге қолайлы етеміз.

Мен әрқашан байланыстамын! Тел/WhatsApp: 87769267788.

Құрметпен, Асфандияр Тұрлыбеков.

Егер сіздер маған сенім артсаңыздар, алдағы 4 жыл ішінде мен келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргіземін:

- кент көшелеріндегі жолдарды жөндеу;
- аулаларды және жалпы кент аумағын абаттандыру, көгалдандыру;
- әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарды жаңғырту;
- инвестициялар тарту және кәсіпкерлікті дамыту;
- мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту;
- «Еститін мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруға ықпал ету.

Мен уәде беруге емес, жұмыс істеуге келемін. Біз бірігіп Солнечныйды өмір сүруге, жұмыс істеуге және балаларды тәрбиелеуге қолайлы кентке айналдырамыз!

Солнечныйдың болашағы — біздің қолымызда!

Шығаруға жауапты: А.Тұрлыбеков.
Облыстық бюджет қаражаты есебінен төленді.

ҚАЗЫНА

ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Таяуда Екібастұз қаласының дамуына елеулі үлес қосқан ардагерлердің бірі — Валентина Халикова 95 жасқа толды. Айтулы күнге орай ішкі саясат бөлімінің басшысы Рауан Жағалиев келіуіне қала әкімі Аян Бейсекиннің құттықтауын жеткізді. Сондай-ақ қалалық мәслихат депутаты Жетпісбай Жакупов қарияны құттықтап, сый-сияпат тапсырды. Валентина Семеновна 1931 жылы Новосібір облысында дүниеге келген. Ерте жетім қалып, бұғанасы қатпай жатып еңбекке араласқан. Геология саласында, кейін заңгерлік қосамында еңбек еткен.

Жеңіс мерекесі қарсаңында қалалық мәслихат депутаты Жетпісбай Жакупов Орталық округ ардагерлер кеңесінің төрайымы К.Оспановамен бірге өз сайлау учаскесінде тұратын еңбек ардагерлері Т.Попова мен А.Андрющенконы да құттықтады.

Александр Андрющенко 1932 жылы Ерейментау ауданы-



ның Новокаменка ауылында дүниеге келген. Балалық шағы 30-шы жылдардағы ашаршылыққа және соғыс жылдарына тұспа-тұс келген. Тың игеру жылдары тракторшы-комбайншы болып жұмыс істеп, Ленин орденімен, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталған.

1933 жылы Шығыс Қазақстан облысының Зырян қала-

сында дүниеге келген Таисия Попова Алматы кинотехникумын бітіргеннен кейін Өскеменде киномеханик болып жұмыс істеген. Әртүрлі мамандықтарда — кітапханашы, экономист болып еңбек етті.

Халық қалаулысы тоғыз асуды бағындырған қарияларға мықты денсаулық тіледі.

Ж.МЫРЗАҒҰЛ

КОММУНАЛДЫҚ САЛА

ЖАРИЯ ТЫҢДАУ КӨҢІЛ КӨНШІТПЕДІ

«Достық үйінде» «Горэлектросеть» ЖШС-інің электрмен жабдықтау қызметіне арналған шекті баға жобасын қарау жөніндегі өтініміне орай көпшілік тыңдау өтті. Шараға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары К.Байғожанова, «Горэлектросеть» ЖШС өкілдері, отызға жуық тұрғын қатысты.

Жалғасы 5-бетте

17 МАМЫР — СПИД-тен ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАРДЫ ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

АИТВ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Жыл сайын мамыр айының үшінші жексенбісінде әлемде СПИД-тен қайтыс болғандарды еске алу халықаралық күні аталып өтеді. Бұл күн — АИТВ инфекциясынан өмірден өткен жандарды еске алып, олардың жақындарына қолдау білдіретін ерекше дата.

АИТВ/СПИД індеті адамзат тарихындағы ең күрделі денсаулық сақтау мәселелерінің біріне айналды. Осы дерттің салдарынан миллиондаған адам жақындарынан айырылды. Бірақ уақыт өте келе ғылым мен медицина дамып, АИТВ инфекциясын бақылауда ұстауға мүмкіндік беретін тиімді ем түрлері пайда болды.

«Екібастұз өңірінде үстіміздегі жылдың 30 сәуіріндегі мәліметке сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтары арасында АИТВ-инфекциясының 345 жағдайы тіркелген. Оның ішінде 103 адам қайтыс

болған. Кумулятивті түрде 32 науқасқа СПИД диагнозы қойылып, олардың 19-ы СПИД салдарынан көз жұмған, — делі «Павлодар облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖК КМК Екібастұз бөлімшесінің эпидемиолог-дәрігері Ұлжан Мұбаракова.

Ұлжан Нұрлыбекқызының айтуынша, тіркелген фактілердің басым бөлігі 30-49 жас аралығындағы тұрғындар арасында кездеседі. Сонымен қатар статистикаға сәйкес, ер адамдар арасында АИТВ-инфекциясы жиірек анықталған — 64,6%, әйелдерде — 35,4%. Инфекция негізінен гетеросексуалдық жолмен тараған.

Бүгінде заманауи антиретровирус терапиясының арқасында АИТВ-мен өмір сүретін адамдар ұзақ әрі сапалы өмір сүріп, отбасын құрып, дені сау баланы дүниеге әкеле алады. Ең бастысы — уақытылы тексеруден өтіп, ем қабылдау.



Дегенмен қоғамда әлі де болса стигма мен кемсітушілік кездеседі. Кей адамдар АИТВ туралы дұрыс ақпараттың болмауына байланысты қорқыныш пен түсінеушілікке тап болады.

Бұл күннің басты нышаны — қызыл лента. Ол АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қолдау көрсетудің және СПИД-тен қайтыс болғандарды еске алудың белгісі ретінде қабылданған. Әлемнің көптеген елдерінде осы күні еске алу шаралары, кез-

десулер, ақпараттық акциялар өткізіліп, адамдар шырақ жағып, өмірден өткен жандарды ұнсіздікпен еске алады.

АИТВ инфекциясының алдын алуға халықтың ақпараттануы ерекше маңызды. Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау, тұрақты тексеруден өту және дұрыс ақпаратқа сүйену — инфекцияның таралуын азайтудың негізгі жолдарының бірі.

Кенже ҚУАТ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ «Альстом Пауэр Ставан» ЖАК өндірген «ЭСГ 2x4-66x40x75x150x60 үлгісіндегі электр сүзгілерін жаңғырту» жұмыс жобасына құрылыс-монтаждау жұмыстары кезеңінде «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыстар нысанында, Павлодар облысы, Солнечный кенті, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобаланатын объектінің географиялық координаттары:

1 н. — 52°01'28,9" с.е.; 75°28'28,6" ш.б.
2 н. — 52°01'29,1" с.е.; 75°28'29,7" ш.б.
3 н. — 52°01'25,3" с.е.; 75°28'30,5" ш.б.
4 н. — 52°01'25,5" с.е.; 75°28'31,6" ш.б.

Кәсіпорынның географиялық координаттары: 52°01'26,6" с.е., 75°28'34,6" ш.б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары (Солнечный к.): 52°02'05,5" с.е., 75°27'31,6" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 22.06. сағат 10.00-де Павлодар облысы, Екібастұз ауданы, Солнечный кенті, 1/1 өнеркәсіптік

аймағы, «ЕГРЭС-2» АҚ ғимараты мекенжайында өтеді.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференциялар) өткізіледі.

ZOOM —ға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/83235258662?pwd=ash4PwOYXX8aFhQvV33QbaSbulAkma.1>

Конференция идентификаторы: 832 325 8662.

Кіру коды: 748108.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, ҚР, Павлодар облысы, Солнечный кенті, ГРЭС-2 өнеркәсіптік аймағы, 1/1 құрылыс, БСН 000940000220, Қабылдау бөлмесі: +7 (7187) 22-75-01, e-mail: gres2kz@gres2.kz. Ұйым басшысы: «ЕГРЭС-2 ст.» АҚ Басқарма төрағасы: Б.З. Кашаганов.

«ҚОК» бөлімінің әзірлеушісі: ЖК Шатилова И.А. Екібастұз к., Б.Момышұлы, 12-12, ЖСН: 711014450109, email: shatilova_ira@mail.ru, тел.: +7 (705) 141 6195, +7 (702) 670 4860.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және конференция байланысы) өткізіледі.

Белсенді сілтеме (ZOOM сілтемесі): <https://us05web.zoom.us/j/8575083117?pwd=OWRaKnaVdGDCnHNPAb116aBibXaFl.1&mn=84665814553>.

Конференция сәйкестендіргіші: 857 508 3117.

Кіру коды: 062026.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: «Полигон Эк» ЖШС, Павлодар облысы, Екібастұз қ-сы, Мәшһүр Жүсіп к-сі, 27, тел/факс: 8 (7187) 75-09-77, БСН 181140024137, e-mail: kgrpoligon2025@mail.ru.

Ұйым басшысы: «Полигон Эк» ЖШС, директоры М.С. Какожанов.

Әзірлеушісі: Шатилова И.А. ЖК Екібастұз к. Б.Момышұлы к-сі, 12-12, ЖСН 711014450109, email: shatilova_ira@mail.ru, тел.: +7 (705) 141 6195, +7 (777) 228 4203 (тек қана WhatsApp).

Жоба бойынша құжаттама

Құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің порталында <https://ndbecology.gov.kz/> және «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ сайтының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады, <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=ru>.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ, құжаттардың көшірмелерін электрондық мекенжайлар: indproject@mail.ru, EKondrashova@gres2.kz, тел.: +7 (771) 937-46-62 бойынша сұратуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады, <https://ndbecology.gov.kz/>.

ҚОЖРЖҰДБ сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/about?lang=ru> ЖАО сайтында.

Қосымша ақпаратты мына электрондық мекенжайлардан алуға болады: shatilova_ira@mail.ru, kgrpoligon2025@mail.ru, телефондар: +7 (777) 955 5075, +7 (705) 141 6195, +7 (777) 228 4203 (тек WhatsApp).

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі порталында (<https://ndbecology.gov.kz/>), сондай-ақ, «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ-де мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар к., Жеміс алаңы, 5 «Б», 307-кабинет, email: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru, тел.: +7 (705) 5403051, +7 (7182) 37-21-78.

Отарқа

EKIBASTUZ_OTARKA

МЕНШІК ИЕСІ:

«Екібастұз дауысы — ақпараттық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

АЙНҰР МЕЙРАМОВА

Тел.: 34-17-75
(қабылдау бөлмесі)

Редактор:

ЖАНАРГУЛ ҚАДЫРОВА

Редактордың орынбасары:

ЖАССЕРІК СӘДУАҚАС

Жауапты хатшы:

ГҮЛСАНА МЕДЕУБАЙ

Тілші:

ДІЛНАЗ СЕРІКБАЙ

Аға оператор-бет қаттаушы:

ӨСЕЛ АЛТЫШЕВА

Редакцияның

мекенжайы:

141202, Екібастұз қаласы
Мәшһүр Жүсіп көшесі,
46-үй, 1-қабат

Телефон: 40-06-19

Жарнама бөлімі: 34-18-94

Маркетинг және тарату

бөлімі: 34-18-94

Электрондық пошта:

Otarka92@gmail.com

Таралымы: 3000

Тапсырыс: № 91

Индекс 63700

Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні қазақ тілінде шығады. Көлемі 2 б. т. Газетке 13.05.2026 ж. сағат 18.00-де қол қойылды.

Автордың жеке пікірі үшін редакция жауап бермейді.

Қолжазба, фотосурет авторға қайтарылмайды. «Отарқада» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылы 28.08.тіркеліп, №12979-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияда компьютермен теріліп, беттеліп, Астана қаласындағы «Импрайм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі баспаханасында басылды.

Астана қаласы

Жұбанов к-сі, 24/1